

2016 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 42 қаулысы

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 111-бабына сәйкес және «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің қызметін жетілдіру шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 137 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2016 жылға арналған республикалық бюджеттің көрсеткіштерін түзету жүзеге асырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мүдделі бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен бірлесіп, тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізісін.

3. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

2 9

қ а ң т а р д а ғ ы

№ 4 2

қ а у л ы с ы н а

қосымша

2016 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету

(мың теңге)

Функционалдық топ			Атауы	Өзгерістер (+/-)
Әкімші	Бағдарлама			
			II. Шығындар	0
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	0
	101	001	Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	-23 298
	107	001	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету жөнінде көрсетілетін қызметтер	46 994
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	
	501	001	Сот органдарының азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сотта қорғауды қамтамасыз етуі	-23 696

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК